


СТИГМАТИЗАЦИЯНЫҢ АЛДЫН АЛУ

Оқу модулі



Оқу модулі

СТИГМАТИЗАЦИЯНЫҢ АЛДЫН АЛУ

ОҚУ МОДУЛІНІҢ АВТОРЫ (әзірлеушісі): **Әйгерім Мұсабалинова**, ғылым докторы, заңгер, «Отбасы академиясы» отбасына кешенді қолдау көрсету орталығы қоғамдық қорының ұлттық сарапшысы.

КЕҢЕС БЕРУШІ: **Людмила Ким**, әлеуметтік жұмыс жөніндегі халықаралық сарапшы, Әлеуметтік жұмыс мектебі, Колумбия университеті (CSSW), Әлеуметтік Интервенциялар тобы (SIG).

Қазақстандағы медициналық-әлеуметтік мекемелердің (бұдан әрі МӘМ) жұмысшыларына, атап айтқанда: стационар жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтер (бұдан әрі АӘҚ) көрсететін ұйымдардың жұмысшыларына.

Модуль Қазақстан Республикасындағы БҰҰ (ЮНИСЕФ) Балалар қоры өкілдігімен бірлескен «Балалары бар аз қамтылған отбасыларды әлеуметтік тұрғыдан сүйемелдеу бойынша ЖАО-ның және жергілікті әлеуметтік қызметтердің мүмкіндігін арттыру» жобасын іске асыру аясында дайындалды (ЮНИСЕФ пен Қазақстан Республикасының 2016-2020 жж. арналған ынтымақтастық бағдарламасы, 2030 жылға дейінгі Ұлттық әлеуметтік саланы дамыту тұжырымдамасы)

Модульдің негізгі мақсаты – әлеуметтік қызмет қызметкерлерінің адам құқықтарын насихаттау, халықтың аса осал топтарына қатысты қолда- нылатын стигматизациямен, кемсітумен, қысым көрсетумен күресу және оның алдын алу біліктіліктерін дамытуға жағдай жасау.

Күтілетін нәтижелер

Практикалық біліктілік::

- Әлеуметтік мекеме қызметкерлерінің стигма мәселесін түсінуін жақсарту және айла-шарғы мен стигматизацияға ұшырайтын адамдар тобына деген көзқарасты өзгерту
- Стигманың қалыптасу процесін түсіну: таңба салу (тіл тигізу, стереотипке, кемсітуге және қанауға ұшырату).
- Өз стереотиптерінің және көзқарастарының халықтың осал топтарымен жұмыс істеу тәжірибесіне ықпал ететінін талдау және оны түсіне білу.
- Әлеуметтік мекеме клиенттерінің ахуалына стигманың және кемсітудің ықпал ететінін анықтау, оған қатысты пікірін білдіру және оның ал-дын алу.

4		1-ТАҚЫРЫП
7		2-ТАҚЫРЫП
12		1-ші ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚ.
13		3-ТАҚЫРЫП
17		4-ТАҚЫРЫП
19		2-ші ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚ.
21		3-ші ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚ.
22		5-ТАҚЫРЫП
27		СҰРАҚТАР
28		ЖАУАПТАР
29		ТІЗІМІ
30		ҚОСЫМША

МАЗМҰНЫ

Модульдің қысқа сипаттамасы (Кіріспе)

Стигматизация ұғымы және процесі

Кемсітудің және стигматизацияның алдын алу бойынша негізгі құқықтық нормалар

МӘМ жұмысына қандай стигмалар тән екенін анықтаңыз

Стигматизация себептері мен салдары

Даралайтын (кемсітпейтін) тілді пайдалану тәжірибесі

Стигмасы бар және жоқ өмір

Стигматизацияға қатысты әлеуметтік өзгеру (алдын алу) бойынша практикалық сабақ

Стигматизацияның алдын алу. МӘМ қызметкерлері, сондай-ақ стигматизацияға ұшыраған адамдардың жақындары (туыстары) арасындағы стигматизация

Өз біліміңді тексеруге арналған сұрақтар

Жауаптар

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы әлеуметтік жұмысшылардың лауазымдық міндеттерді орындау кезіндегі мінез-құлықтың кәсіптік әдеби жөніндегі әдістемелік ұсынымдар



Стигматизация ұғымы
және процесі

1-ТАҚЫРЫП

«Стигма» сөзі ежелгі грек тілінің денедегі таңбалар (айрықша белгілер) деген сөзінен шыққан. Осындай денедегі таңбалар әдеттен тыс және мораль тұрғысынан жаман нәрсені білдірген және стигманың иесі құл, қылмыскер, сатқын, қырсық, жоралғы тұрғысынан лас адам болып саналған, сондай-ақ қоғамдық орындарда одан аулақ жүру керек деп есептеген.¹

Осыған сүйеніп, стигматизация – бұл адамды қасиеттеріне байланысты қоғамдық шектеулер қоя отырып, қоғамнан аластату деген анықтама қалыптасқан.

СТИГМАТИЗАЦИЯ ТЕОРИЯСЫ –

қоғамның индивидуумды (немесе белгілі бір әлеуметтік топты) қандай да бір белгісі бойынша алалауы, бұның соңы индивидуумды (немесе әлеуметтік топтың өкілін) әлеуметтік реакциялар жиынтығының стереотипіне алып келеді.²

Әлемде стигмаға ұшырайтын адамдар:

- ақыл-есі бұзылған адамдар;
- АИТВ бар адамдар;
- мүгедек адамдар;
- аз этнос өкілдері;
- үйсіз адамдар;
- әйелдер
- босқындар
- сығандар
- COVID-19 жұқтырған адамдар;
- ЛГБТ, гендерквирлер;
- қарт адамдар;
- мигранттар;
- басқа нәсілді адамдар (қара нәсілділер, азиялықтар);
- психотроптық заттарды тұтыну салдарынан есінен айырылған адамдар.³

¹ Гоффман И. Стигма: заметки об управлении испорченной идентичностью [Simon and Schuster 2009].

² Кабанов М., Ломанченко А., Коцюбинский А., Бурковский Г., Юрьев А. Уменьшение стигматизации и дискриминации в отношении психически больных, <http://www.autism.ru> (7 қазан 2020).

³ «Формирование компетенций» тренингінің материалдары. 1-модуль. Әлеуметтік қызметтің жұмысындағы кәсіптік әдеп және кемсітуге қарсы практика. ЮНИСЕФ, Колумбия университеті, 2020.

СТИГМАТИЗАЦИЯНЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШТЕРІ:

жұқпалы аурулардан қорқу, әлеуметтік және экономикалық салдардан қорқу, өктемшілдік, мәліметтің жеткіліксіз болуы, әлеуметтік айыптаушылық, кінә және стереотиптер, жалған нанымдар.⁴

Стигматизация процесі – таңба, стереотип, қате түсінік және кемсітушілік сияқты бөліктерден тұратын құрылым (төмендегі суретті қараңыз).

Стигматизация процесінің және стигматизация бөліктерін анықтау схемасы

1. ТАҢБА ТАҒУ

Таңба – адамды бөлектеу, жіктеу үшін пайдаланылатын айырықша сөз.

2. СТЕРЕОТИП –

белгілі бір топтағы адамдарды қабылдаудың (идея, бейне) қарапайым түрі (мысалы, орыстардың барлығы арақ ішеді). Стереотип – көбінесе белгілі бір топтың барлық мүшесіне қатысты қате болжам, қате түсінік негізі.

СТИГМАТИЗАЦИЯ – таңба салу, қорлау процесі және стереотиптер мен қате түсінікке сүйеніп, қоғамнан аластау (кемсіту).

4. КЕМСІТУ –


белгілі бір адамды немесе адамдар тобын жасы, нәсілі, жыныстық бейімділігі, жынысы, діні немесе мүгедектігі сияқты белгілері бойынша төмендету (Гейн, 2010).

3. ЖАЛҒАН НАНЫМ

Адамдар тобына қатысты стереотиптерге және эмоцияларға негізделген үйреншікті (өзгерістерге тұрақты), көбінесе, тиімсіз қарым-қатынас. Оң мағынада болуы мүмкін, бірақ көбінесе теріс мағынада қолданылады (Гейн, 2010).

⁴ «Формирование компетенций» тренингінің материалдары. 1-модуль. Әлеуметтік қызметтің жұмысындағы кәсіптік әдеп және кемсітуге қарсы практика. ЮНИСЕФ, Колумбия университеті, 2020.

Кемсiтудiң жәнe стигматизацияның алдын алу бойынша негiзгi құқықтық нормалар



2-ТАҚЫРЫП

ҚАЗАҚСТАНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ НОРМАЛАР:

Жалпыға бiрдей адам құқығы декларациясы (1948)

5-бап

Ешкiм азапқа немесе қатiгез, адамгершiлiкке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтындай әрекетке жәнe жазаға ұшырамауы тиiс.

6-бап

Әрбiр адам қай жерде болмасын, өзiнiң құқық субъектiсi ретiнде танылуына құқылы.

7-бап

Барлық адамның заң алдындағы құқықтары тең жәнe олар ешбiр бөлектелместен заңмен тең қорғалуға құқылы. Барлық адамның осы Декларацияны бұзатын қандай да бiр кемсiтуден жәнe осындай кемсiтуге арандатушылықтан қорғану құқықтары тең.

БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясы (1989)

2-бап

1. Қатысушы мемлекеттер өз құзырында тұрған әр баланы, оның ата-анасын немесе заңды қамқоршыларын еш кемсiтпестен, оның нәсiлiне, түр-түсiне, жынысына, тiлiне, дiнiне, саяси немесе басқа да көзқарастарына, ұлттық, этникалық немесе әлеуметтiк тегiне, мүлiктiк жағдайына, денсаулық ахуалына жәнe баланың тууына немесе қандай да бiр басқа жағдайларына қарамастан, Конвенцияда көзделген барлық құқықтарды құрметтейдi әрi қамтамасыз етедi.
2. Қатысушы мемлекеттер баланы, оның ата-анасын, заңды қамқоршыларын немесе отбасының басқа да мүшелерiн мәртебесi, жасаған iстерi, бiлдiрген көзқарастары немесе пiкiрлерi негiзiнде ұшырайтын кемсiтудiң немесе жазалаудың барлық түрiнен қорғау үшiн қажеттi шараларды қолданады.

БҰҰ-ның Мүгедектердің құқықтары туралы конвенциясы (2006)

5-бап. Теңдік пен кемсітпеушілік

1. Қатысушы мемлекеттер заң алдында барлығының құқығы тең екенін мойындайды, сондай-ақ сол заң бойынша заңды тең қорғауға және оны еш кемсітусіз қолдануға құқылы.
2. Қатысушы мемлекеттер мүгедектік белгісі бойынша кез келген кемсітуге тыйым салады және мүгедектердің кез келген жағдайда кемсітуден тең әрі тиімді құқықтық қорғалуын қамтамасыз етеді.
3. Қатысушы мемлекеттер теңдікті ынталандыру және кемсітудің жолын кесу үшін қисынды бейімділікті қамтамасыз ету мақсатындағы барлық тиісті қадамдарды жасайды.
4. Мүгедектердің нақты теңдігіне қол жеткізу және оны тездету үшін жасалатын қажетті нақты шаралар осы Конвенция мәні бойынша кемсіту болып саналмайды.


17-бап. Жеке бас амандығын қорғау

Әр мүгедек адам өзінің физикалық және психикалық амандығының басқа адамдармен тең құрметтелуіне құқылы.

23-бап. Үй мен отбасын құрметтеу

1. Қатысушы мемлекеттер мүгедек адамдарды неке, отбасы, әкелік, аналық сұрақтарға қатысты барлық мәселеде және жеке қарым-қатынаста кемсітудің жолын кесу үшін тиімді әрі тиісті шараларды басқа адамдармен бір деңгейде қолдана отырып, мыналарды қамтамасыз етуге ұмтылады:
 - a) некелесу жасына жеткен барлық мүгедек адамның некеге тұру және некелесушілердің еркін әрі толық келісімі негізінде отбасын құру құқығының мойындалуын;
 - b) мүгедектердің бала саны мен олардың туу аралығы туралы еркін әрі жауапты шешім қабылдау, сондай-ақ жасына сәйкес ақпаратқа және ұрпақ жаңғырту әрекеті мен отбасын жоспарлау мәселелерінде ағартушылыққа қол жеткізу құқықтарының мойындалуын, сондай-ақ оларға осы құқықтарды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін құралдардың берілуін;
 - c) мүгедектер, соның ішінде балалар, басқаларымен бірдей өздерінің ұрықтылығын сақтауын.
2. Қатысушы мемлекеттер мүгедектердің балаларды қамқорлыққа, қорғауға, бағуға, асырауға алу және тиісті ғұымдар ұлттық заңда болған кезде ұқсас институттардың құқықтары мен міндеттерін қамтамасыз етеді; барлық жағдайда баланың биік мүдделері алғашқы орында тұрады. Қатысушы мемлекеттерде мүгедек адамдар бала тәрбиесіндегі өз міндеттерін орындауы үшін оларға тиісті көмек көрсетіледі.
3. Қатысушы мемлекеттер мүгедек балалардың отбасы өміріне қатысты құқықтары тең болуын қамтамасыз етеді. Осы құқықтарды іске асыру және мүгедек балаларды жасыруға, оларды тастап кетуге, оларға күтім жасаудан жалтаруға және оларды бөлектеуге жол бермеу үшін қатысушы мемлекеттер ең басынан бастап, мүгедек балалар мен олардың отбасын жан-жақты ақпаратпен, қызметтермен және қолдаумен қамтамасыз етуге міндеттенеді.
4. Қатысушы мемлекеттер, тек сотқа бағынышты құзыретті органдардың қолданылатын заңға және процедураларға сәйкес баланың биік мүддесіне байланысты ажырату қажет деп шешкен жағдайдан басқа кезде, баланың өз ата-аналарынан олардың еркіне қарсы ажырамауын қамтамасыз етеді. Ешбір жағдайда бала мүгедектігіне байланысты ата-анасынан не болмаса баланың өзі, не ата-анасының біреуі немесе екеуі де ажыратылмайды.

5. Қатысушы мемлекеттер мүгедек баланың жақын туыстары оған күтім жасауға жағдайы келмейтін кезде, бар күшін салып, баланың алыс туыстарын тарту арқылы, ал ондай мүмкіндік болмаса, баланың жергілікті қоғамдастықта өмір сүруі үшін отбасы жағдайын жасау арқылы дұрыс күтімді ұйымдастыру міндетін өз мойнына алады.



Ешбір жағдайда бала мүгедектігіне байланысты ата-анасынан не болмаса баланың өзі, не ата-анасының біреуі немесе екеуі де ажыратылмайды.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЛТТЫҚ ЗАҢ АКТІЛЕРІ

Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995)

14-бап

1. Заң мен сот алдында барлығының құқықтары бірдей.
2. Ешбір адам шыққан тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік ахуалына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дініне, көзқарасына, тұрғылықты жеріне немесе басқа да кез келген жағдайына байланысты қандай да бір кемсітуге ұшырамауы тиіс.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі (2014)

105-бап. Өлермен халге жеткізу

1. Жәбірленушіні өлермен халге жеткізу немесе оған қауіп төндіру, ұрып-соғу немесе тұрақты түрде адами қасиеттерін қорлау арқылы оны өз-өзіне қол жұмсайтындай халге түсіру әрекеті жасалғанда, үш жыл мерзімге бас бостандығын шектеу немесе дәл сондай мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы қолданылады.
2. Дәл осындай қылмыс:
 - 1) көрінеу кінәлі, дәрменсіз халдегі немесе материалдық немесе басқа тұрғыдан тәуелді тұлғаға қатысты;
 - 2) екі не одан көп тұлғаға қатысты;
 - 3) сыбайласқан тұлғалар тобымен немесе қылмыстық топпен;
 - 4) телекоммуникация желісін, соның ішінде Интернет желісін пайдалану арқылы жасалғанда, бес жыл мерзімге бас бостандығын шектеу немесе дәл сондай мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы қолданылады.
3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөлімдерінде көзделген, кәмелеттік жасқа толмаған балаға қатысты жасалған әрекеттер үшін үш жылдан сегіз жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қолданылады.

110-бап. Азаптау

1. Тұрақты түрде ұрып-соғу немесе өзге де күш қолдану әрекеттері арқылы дене немесе психикалық азапқа түсіру, егер бұл әрекет денсаулыққа ауыр немесе орташа ауыр зиян келтіруге әкеп соқпаса, – бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салумен не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не алты жүз

сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартумен не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеумен не сол мерзімге бас бостандығынан айырумен жазаланады.

Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексі

84-бап. Қазақстан Республикасының

«Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» заңын бұзу

1. Қазақстан Республикасының арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы заңнамасын:
 - 1) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету қажеттілігін бағалау және айқындау, арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілді мөлшерін көрсету туралы шешім шығару бойынша белгіленген мерзімдерді бұзғаны үшін;
 - 2) арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілді мөлшерін көрсету туралы шешімді орындамау түрінде бұзғаны үшін лауазымды тұлғаларға – жиырма, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – отыз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне қырық, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне – алпыс айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынады.
2. Осы баптың бірінші бөлімінде қарастырылған, әкімшілік өндіру жазасы салынғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет үшін лауазымды тұлғаларға – отыз, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – қырық, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне – сексен айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынады.

Қазақстан Республикасының «Бала құқықтары туралы заңы» (2002)

4-бап. Балалардың тең құқықтары

1. Барлық баланың құқықтары олардың тегіне, нәсіліне және ұлтына, әлеуметтік және мүлдіктік жағдайына, жынысына, тіліне, біліміне, дінге деген көзқарасына, тұрғылықты жеріне, денсаулық жағдайына және бала мен оның ата-анасына немесе басқа да заңды өкілдеріне қатысты өзге де мән-жайларға қарамастан тең.
2. Некеде және некесіз туған балалар тең әрі жан-жақты қорғалады.

31-бап. Мүгедек баланың толыққанды өмір сүру құқығы

1. Мүгедек баланың абыройын қамтамасыз ететін, қоғам өміріне белсене қатысуына мүмкіндік беретін жағдайдағы толыққанды өмір сүру құқықтары дені сау балалардың құқықтарымен тең.
2. Мүгедек бала өзінің физикалық, ақыл-ес қабілеті мен қалауына сәйкес білім алуға, қызметі мен кәсіп түрін таңдауға, шығармашылық және қоғамдық іске араласуға құқылы.
3. Мүгедек балалар, соның ішінде ақыл-есінің немесе физикалық дамуының ақауы бар балалар мамандандырылған бала ұйымдарында медициналық-әлеуметтік көмек алуға құқылы.

32-бап. Мүгедек баланы жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік кепілдіктер

1. Мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүгедек баланың денсаулық жағдайын, қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, оның оқуына, кәсіби даярлықтан өтуіне, қолайлы жұмыс табуына, жұмысқа орналасуына қажетті жағдай жасауға міндетті.

2. Қазақстан Республикасы заңдарында мүгедек баланы жұмыспен қамтамасыз ету ісімен, оларды кәсіби даярлауды және қайта даярлауды ұйымдастырумен айналысатын жеке және заңды тұлғалар үшін жеңілдіктер белгіленген болуы мүмкін.

33-бап. Мүгедек балаларға берілетін мемлекеттік көмек

1. Мемлекет мүгедек балаларды қолдауға бағытталған кешенді медициналық, құқықтық, әлеуметтік-экономикалық шараларды іске асырады.
2. Мүгедек балаларға көрсетілетін мемлекеттік көмек Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді.
3. Мүгедек бала тәрбиелеп және оған күтім жасап отырған ата-аналар мен басқа заңды өкілдер мемлекеттік көмек алуға құқылы.

Қазақстан Республикасындағы «Мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы заңы»
(2005, нормативтік актіні толық білу керек)

5-бап. Мүгедектерді әлеуметтік қорғау қағидалары

Қазақстан Республикасының мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік саясаты қағидаларға негізделіп жасалады, олар мыналар:

- 1) адам құқықтарының сақталуы, заңдылығы, адамгершілікке сай болуы;
- 2) әлеуметтік қорғау кепілдігі, медициналық, әлеуметтік және кәсіби оңалту қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- 3) мүгедектердің басқа адамдармен қатар денсаулық сақтау, білім алу және қызмет, соның ішінде еңбек түрін еркін таңдау құқықтарының болуы және теңдігі;
- 4) мемлекеттік органдардың қоғамдық бірлестіктермен және мүгедектердің құқықтарын қорғау және заңды мүдделерін қорғау функциясын іске асыратын басқа да ұйымдармен бірлесіп жұмыс істеуі;
- 5) мүгедектік белгісі бойынша кемсітуге тыйым салу.

Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы әлеуметтік жұмысшылардың лауазымдық міндеттерді орындау кезіндегі мінез-құлықтың кәсіптік әдебі жөніндегі әдістемелік ұсынымдар

(Қосымшаны қараңыз – дереккөз: Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, 2020 жылғы 11 тамыз).



1-ШІ ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚ

МӘМ жұмысына қандай стигмалар тән екенін анықтаңыз

Медициналық-әлеуметтік мекемелердегі (МӘМ) арнаулы әлеуметтік қызметтер (АӘҚ) субъектілері – стигматизация субъектілері (сіздің қызмет алушыларыңыз бар жерге құсбелгі қойыңыз).

- Психикалық-неврологиялық аурулары бар балалар
- ТҚА (тірек-қимыл аппараты) зақымдалған балалар
- Бірінші, екінші топтағы психикалық-неврологиялық аурулары бар балалар
- Өз-өзіне күтім жасай алмайтын мүгедектігі бар ересек адамдар
- Зейнет жасындағы қариялар

Сіздің АӘҚ алушыларыңызға қатысты қандай стигма түрі (қандай таңба, стереотип, жалған наным) іс жүзінде/халық арасында қолданылады (қолмен жазып беріңіз):

Психикалық-неврологиялық аурулары бар балалар

ТҚА (тірек-қимыл аппараты) зақымдалған балалар

Бірінші, екінші топтағы психикалық-неврологиялық аурулары бар балалар

Өз-өзіне күтім жасай алмайтын мүгедектігі бар ересек адамдар

Зейнет жасындағы қариялар

Стигматизация себептері мен салдары

3-ТАҚЫРЫП

Стигма - бұл Ежелгі Грекияда құлды, қылмыскерді, сатқынды, қырсық адамды, әдеті лас, сондай-ақ қоғамдық орындарда жолауға болмайтын адамдарды ажырата білу үшін қолданылған жағымсыз түрдегі айыру белгісі (таңбасы) болғандығын еске сала кетейік.

Кез келген стигманың себебі – бір адамның екінші бір адаммен жасасатын қарым-қатынасы, яғни атрибуттар мен стереотиптердің қатынасы. Атрибуттар кез келген қоғамда бар, бірақ стигма жағдайында бұл жағымсыз атрибуттарға (көрінетін және көрінбейтін) жатады, олар біздің ойымыздағы адам қандай болуы керек деген стереотипке сай емес.⁵



Осылайша, стигманың себебі мыналар:

- қорқыныш;
- әлеуметтік және экономикалық салдар;
- мәліметтің жеткіліксіз болуы;
- әлеуметтік алалау;
- кінә;
- стереотиптер;
- өктемшілдік (басымдылық);
- жалған наным (сенім).⁶

⁵ Гоффман И. Стигма: заметки об управлении испорченной идентичностью (Simon and Schuster, 2009).

⁶ «Формирование компетенций» тренингінің материалдары. 1-модуль. Әлеуметтік қызметтің жұмысындағы кәсіптік әдеп және кемсітуге қарсы практика. ЮНИСЕФ, Колумбия университеті, 2020.



Шұғылтық

1-КЕЙС.

(СТИГМАТИЗАЦИЯ
СЕБЕПТЕРІ МЕН
САЛДАРЫН ТҮСІНУ
ҮШІН ӨМІРДЕН
АЛЫНҒАН КЕЙС-
МЫСАЛ)

СТИГМАТИЗАЦИЯ САЛДАРЫ:

- өшпенділік;
- тұйықтық;
- асыраушылық;
- озбырлық;
- құлдырау;
- инфантильдік;
- денсаулықтың нашарлауы;
- өзін-өзі төмен бағалау;
- депрессия;
- тұрақты түрдегі күйзеліс;
- өз-өзіне қол жұмсау;
- еңбекке жарамсыз болу;
- психологиялық денсаулықтың бұзылуы;
- ашушаңдық;
- қанағаттанбаушылық және т.б.

«Біздің қоғамда шизофренияны да, Даун синдромын да, аутизмді де жұқпалы деп ойлайтын адамдар бар. Өйткені адамдар бұл саладан бейхабар, адамдар көбінесе белгілі бір тар шеңберде ғана ойлайды. Адамдарды менталды ақаулар қорқытады, себебі бұл әлдебір белгісіз нәрсе. Біз мұндай адамнан не күтуге болатынын білмейміз, – дейді Гүлжан Амангелдинова – Маньяк адам әлдекімді өлтіргені туралы фильмдер мен мақалалар көп, ал оның шизофрениясы бар болған. БАҚ өкілдері осындай адамдардың жағымсыз кейпін жасау үшін көп іс атқарып тастады. Көбінесе, шизофрениясы және биполярлық ақауы бар адамдар, әрине олардың құлдырау кезеңдері болып тұрады, алайда олар жұмысына қайта шығып, жұмысын жалғастырады емес пе. Олар көбінесе әйгілі адамдар: суретшілер, ақындар».⁷

«Бірінші кезекте, біз қоғаммен жұмыс істейміз, екінші кезекте, менталды ерекшеліктері бар балаларымызбен жұмыс істейміз. Себебі, екі жақтан стигматизацияға ұшырап жатыр, – деп түсіндірді Гүлжан Амангелдинова. – Балалар «қоғам жаман, ол бізді қабылдамайды, бізді оқшаулап тастады» деп ойлайды. Ал қоғам болса: «олар қауіпті, күнімді есалаңға қаратпасын, оның қолынан тамақ ішкізбесін, ол менің тамағымға бір нәрсе сеуіп қойса қайтемін, құдай сақтасын». Біз ашылған кезде әртүрлі пікірлер болған. Сондықтан екі жақты жұмыс атқару керек: біз қақтығыс жағдайларының болып тұратынын түсінуіміз керек, бірақ біз адам ретінде олармен тату-тәтті өмір сүруіміз үшін ол проблемаларды шешуіміз қажет. Осы кезде стигма әлдеқайда аз болады».⁸

⁷ Круглова Д. У нас считают, что шизофрения заразна. Как живут казахстанцы с психическими расстройствами // Informburo.kz [23 қараша 2017].

⁸ Сол жерде.

Стигматизацияның ықтимал салдары мыналар болуы мүмкін:

- өшпенділік;
- тұйықтық;
- асыраушылық;
- озбырлық;
- құлдырау;
- инфантильдік;
- денсаулықтың нашарлауы;
- өзін-өзі төмен бағалау;
- депрессия;
- тұрақты түрдегі күйзеліс;
- өз-өзіне қол жұмсау;
- еңбекке жарамсыз болу;
- психологиялық денсаулықтың бұзылуы;
- ашушандық;
- қанағаттанбаушылық және т.б.

Жеке өзіңіз қандай салдарды кездестірдіңіз; стигматизациямен байланысты қандай салдар сізге таныс:

...Біз стигмаға ұшыраған адамды жетік адам емес деп пайымдаймыз.⁹

СТИГМАТИЗАЦИЯҒА ҰШЫРАЙТЫН АДАМДАРДЫҢ СЕЗІМДЕРІ

Тізім ішінен сіздің қызмет алушыларыңыз қандай сезімде болатынын таңдап алыңыз:

- Ұят.
- Үмітсіздік.
- Күйініш.
- Жасырындық.
- Жалғыздық.
- Сөйлесуге және көмек не ем сұрауға ниетінің болмауы.
- Әлеуметтік алауау.
- Өшпенділік.
- Жәбірлеу.
- Зорлық-зомбылық.
- Алымсақтық.
- Өзін-өзі төмен бағалау.
- Ыңғайсыздық.



⁹ Гоффман И. Стигма: заметки об управлении испорченной идентичностью (Simon and Schuster, 2009).

Арнаулы әлеуметтік қызмет алушыларыңыздың сезімдерін жазыңыз:

Психикалық-неврологиялық аурулары бар балалар

ТҚА (тірек-қимыл аппараты) зақымдалған балалар

Бірінші, екінші топтағы психикалық-неврологиялық аурулары бар балалар

Өз-өзіне күтім жасай алмайтын мүгедектігі бар ересек адамдар

Зейнет жасындағы қариялар



Стигмаға ұшыраған адам – жетік адам емес. Осы болжам негізінде біз сан алуан кемсіту түрлерін қолданамыз... Біз стигма теориясын – ТОЛЫҚ ДАМУМАҒАН ҚАБІЛЕТТІ НЕГІЗДЕУГЕ ЖӘНЕ ОДАН ТУЫНДАЙТЫН ҚАУІПТІ ТҮСІНДІРУГЕ, КЕЙДЕ ОНЫҢ БАСҚА ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ НЕГІЗІНЕ СҮЙЕНЕ ОТЫРЫП, СОҒАН ҚАТЫСТЫ ТУЫНДАЙТЫН ӨШПЕНДІЛІКТІ АҚТАП АЛУҒА БЕЙІМ идеологияны құрастырамыз.¹⁰

¹⁰ Гоффман И. Стигма: заметки об управлении испорченной идентичностью (Simon and Schuster, 2009).

Дараландыратын (стигматизацияға ұшыратпайтын) тілді пайдалану тәжірибесі

4-ТАҚЫРЫП



СТИГМАТИЗАЦИЯҒА ҰШЫРАТПАЙТЫН ТІРКЕСТЕР –
бұл соңы адам деп аяқталатын тіркестер.¹¹

Стигматизацияға ұшырайтын адамдардың не естігенін және не дегенін, сондай-ақ қандай балама нұсқалары бар екенін мысалға қарап (МӘМ жұмысына көңіл аударатырып) талқылайық.

НЕ ДЕЙДІ?	НЕ ЕСТИДІ?	ҚҰРМЕТПЕН ҚАРАУ
Жынды	Ақымақ Менің қолымнан ештеңе келмейді Маған ешкім сенбейді Менен қорқады	Психикасы мен ... бұзылған адам
Қарт	Менің еш пайдам жоқ Бар байлығым – жасым	Кәрілік жастағы адам
Кеміс	Мен әдемі емеспін» Мені жақсы көрмейді/ кейін де жақсы көрмес Менің түрім – ата-анамды масқара қылды	Физикалық ерекшеліктері бар адам

¹¹ «Формирование компетенций» тренингінің материалдары. 1-модуль. Әлеуметтік қызметтің жұмысындағы кәсіптік әдеп және кемсітуге қарсы практика. ЮНИСЕФ, Колумбия университеті, 2020.

Төменде берілген кейсті (мысалды) оқып шығыңыз да, осы кейсті (мысалды) пайдаланып, оны стигматизацияға ұшыратпайтын тілді қолдана отырып, талдап көріңіз. Өз мысалыңызды пайдалануға болады.

2-КЕЙС.

(Бұл мысал Алма Омарованың тағдыры жайлы баяндайды. Алманың диагнозы мойындалғанға дейінгі және мойындалғаннан кейінгі қарым-қатынасқа назар аударыңыз)

Алма Омарова – журналист және шығарушы редактор. Кәсіби жетістікке жету жолында оған әрдайым өз ерекшелігін ескеріп жүруіне тура келді: ЭЖС (зейіннің жетіспеушілік синдромы) және циклотимия (көңіл күйдің жүйелі түрде бұзылуына байланысты биполярлық ақаудың жеңіл түрі).

Алма бала кезінде стигмаға ұшыраған. Оның ерекшелігіндей ерекшелігі бар адамдардың басты проблемаларының бірі – сенімсіздік. Ата-анасы, мұғалімдері, достары ЭЖС – бұл шынымен аурудың бір түрі екеніне сенбей, адамды жай ғана жалқау деп есептейді.

«Ең бірінші тап болатын нәрсең – саған «ақымақсың» деп айтады. Одан кейін, толық түсінбей, саған сенің “қабілетің бар, бірақ жалқаусың» дейді. Содан кейін осы таңбамен бірінші сыныптан он бірінші сыныпқа дейін өмір сүресің. Дәл осындай жағдай үйде де орын алған – ата-анам маған сенбестен, «үйге қамап қойып, сабақ оқытып қою керек, сол кезде оқи бастайсың» деп ойлайтын – дейді Алма Омарова. – Диагнозымды сегізінші сыныпта анықтады, алайда анамды бұның шынымен диагноз екеніне қазір ғана сендірдім деп айтуға болады».¹²


НЕ ДЕЙДІ?	НЕ ЕСТИДІ?	ҚҰРМЕТПЕН ҚАРАУ
		Мысалы, ЭЖС бар/биполярлық ақауы бар адам

¹² Круглова Д. У нас считают, что шизофрения заразна. Как живут казахстанцы с психическими расстройствами // Informburo.kz (23 қараша 2017).



2-ШІ ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚ

Стигмасы бар және жоқ өмір



«ЖЫНДЫ» стигмасы бар мысалды алып қарайық.

СТИГМАСЫ БАР ӨМІР:

- өзім және денсаулығым туралы мәліметтерді жасыру;
- таныстарымның саны шектеулі;
- жеке отбасылық өмірім болмаған немесе сәтсіз болған;
- ақша мен жалақы үнемі жетпейді.

СТИГМАСЫ ЖОҚ ӨМІР:

- өз проблемам туралы жақындарыма және достарыма айта аламын;
- менің туыстарым мен достарым АӘҚ алатынымды біледі;
- менің тұрақты табысым мен жұмысым бар;
- жеке басымның өмірі басқа.

1-4 тақырыптардан алынған білімді негізге алып, сондай-ақ жеке тәжірибеңізге сүйеніп, келесі сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Стигмаға ұшыраған (сіздің қызметіңізде кең таралған түрін таңдаңыз), сондай-ақ стигма ұшырамаған қызмет алушыларыңыздың өмірі қалай болатынын (өзіңізді олардың орнына қойып) елестетіп көріңіз?

СТИГМА _____

СТИГМАСЫ БАР ӨМІР: _____

СТИГМАСЫ ЖОҚ ӨМІР: _____

2) Стигма субъектілері (сіздің мысалыңыз бойынша стигматизацияны кім жасайды)? _____

3) Стигма объектісі (сіздің мысалыңыз бойынша кім стигматизацияға ұшырайды)? _____

4) Сіздің ойыңызша стигманың себептері қандай (сіздің мысалыңыз)? _____

5) Сіздің тәжірибеңізде және сіздің қызметіңізде стигманың тағы қандай түрлері кездесті? _____

6) Сіз келтірген мысалда сіздің ойыңызша қоғамдағы қандай құқық нормалары / мінез-құлықтың моральдық нормалары бұзылған (сәйкес келетіндерінің барлығына құсбелгі қойып шығыңыз)?

- Адам құқығы.
- Бала құқығы.
- Өмір сүру құқығы.
- Әділеттілік нормалары.
- Абырой мен ар-намыс нормалары.
- Адамгершілік қасиет.
- Адал әрекет жасау.
- Басқа адаммен лайықты қарым-қатынас жасау.
- Басқа адамдардың өзіңмен қандай қарым-қатынаста болғанын қаласаң, олармен дәл сондай қарым-қатынас жаса.



3-ШІ ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚ

Стигматизация бойынша әлеуметтік өзгеру (алдын алу) бойынша практикалық сабақ

1-ден 10-ға дейінгі шкала бойынша стигма деңгейін құсбелгімен белгілеп шығыңыз, мұндағы 1 саны – Қазақстан қоғамындағы көрсетілген адамдар тобының стигматизацияға ұшырау деңгейі өте төмен екенін (стигматизацияға ұшырамайтынын) білдіреді, ал 10 – тым жоғары.

ҚАТЫСТЫ СТИГМА

Мүгедектігі бар адамдарға

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
---	---	---	---	---	---	---	---	---	----

Психикалық аурулары бар адамдарға

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
---	---	---	---	---	---	---	---	---	----

АИТВ бар адамдарға

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
---	---	---	---	---	---	---	---	---	----

Жалғызбасты аналарға

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
---	---	---	---	---	---	---	---	---	----

Интернат мекемесінен шыққан балаларға

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
---	---	---	---	---	---	---	---	---	----

Тұрғылықты жері белгісіз

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
---	---	---	---	---	---	---	---	---	----

Төменде берілген қандай пікірлермен келісетіңізді белгілеңіз:

кез келген стигманың алдын алу керек;

стигманың алдын алу қажет емес;

стигма – бұл адам ойлап тапқан нәрсе;


стигма – бұл қалыпты жағдай;

басқа (нақтылап өтіңіз) _____



Стигматизацияның алдын алу.
МӘМ қызметкерлері,
сондай-ақ стигматизацияға
ұшыраған адамдардың
жақындары (туыстары)
арасындағы стигматизация

5-ТАҚЫРЫП



Стигматизацияның алдын алу жағындарынан басталады

Стигматизация – бұл табиғи процесс емес, оны адам ойлап тапқан. Егер стигматизация процесіне (1-тақырыпты қараңыз) және стигматизация себептеріне (3-тақырыпты қараңыз) оралсақ, онда бір адамның өзінің ішкі сенімдері, қорқыныштары, стереотиптері және т.б., негізінде екінші адамға жасаған қарым-қатынасы стигматизацияға алып келеді.

СТИГМАТИЗАЦИЯ СЕБЕПТЕРІН АЗАЙТУ/БОЛДЫРМАУ ҮШІН НЕ ІСТЕУГЕ БОЛАДЫ?

- Халыққа инклюзивті қоғамды дамыту қауіпсіздігі мен қажеттілігі туралы мәліметті кеңінен тарату керек
- Адамның ерекшелігіне қарамастан, оның құқықтарын сақтауды насихаттау керек
- Теңдік, әділдік және алуан түрлілік сияқты құндылықтарды дамыту және насихаттау керек
- Кемсідудің кез келген түріне төзе алмау қабілетін дамыту керек.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, әрқайсымыз стигматизацияның алдын алу үшін не істей аламыз

- Қызмет алушылардың білімін және мүмкіндіктерін (әлеуеттерін) арттыру арқылы өз қорқынышымызды жеңу (үйрене алмайтын балалар, адамдар болмайды).
- Білім алу қажеттіліктері айрықша балалардың ата-аналарының сауаттылығын арттыру;
- Тұрақты түрде өзіміздің кәсіптік біліктілігімізді арттыру;
- Қазақстан Республикасының заң нормаларын білу және сақтау және оларды басқа адамдардың дәл солай сақтауын талап ету.
- Жақтырмай қарауды құрметпен қарауға өзгерту.
- Басқа адамдардың дәрежі әрі менсінбей қарауына жол бермеу – кемсіту мен төменсітудің кез келген түріне мүлдем төзбеу.
- Әрбір АӘҚ алушының бойындағы тұлғалық қасиетін мойындау.
- АӘҚ алушылардың құқықтарын мойындау және оларға зиян (эмоциялық, психикалық, физикалық және т.б.) келтіргеніңіз үшін жауапкершілік қарастырылғанын түсіну.



ИНКЛЮЗИВТІ ҚОҒАМ ӘЛЕУМЕТКЕ ҚОСЫЛУ РЕТІНДЕ ТҮСІНІЛЕДІ

Әлеуметке қосылу мақсаты – «барлығына ортақ қоғамды» құру, бұл қоғамда барлық адамның құқықтары мен міндеттері болады, белсенді ат салысуға ықылас білдіретін болады. Осындай барлығын қамтитын қоғам адамның барлық құқықтарын және негізгі еркіндіктерін құрметтеуге, мәдени және діни алуан түрлілікке, әлеуметтік әділеттілікке және қолайсыз жағдайда қалған әрі әлсіз топтардың ерекше қажеттіліктерін ескеруге, демократиялық ортаны құруға ат салысуға және құқықтардың үстем болуына негізделген болуы тиіс.¹³

¹³ Біріккен Ұлттар Ұйымы, 'Әлеуметтік даму мүддесіне қатысты бүкіләлемдік жоғары деңгейлі кездесудің баяндамасы' (6-12 наурыз 1995), A/CONF.166/9, 66-тармақ.

ОЙША БАЙЛАНЫСҚАН СТИГМА НЕМЕСЕ ҚОСЫМША СТИГМА –

бұл терминдер белгілі бір адамның стигматизацияға ұшыраған адаммен жақын қарым-қатынаста болуына байланысты өзін жайсыз сезінетін жағдайды сипаттау үшін қолданылады. Бұған МӘМ жұмысшыларын да, стигматизацияға ұшыраған адамның жақындарын (туғандарын) да жатқызуға болады.

Туғандарына қатысты мұндай қарым-қатынастың себебі өздерін кінәлі сезінуі, сондай-ақ стигмаға ұшыраған адамның туғандарына қоғамның айып тағуы болуы мүмкін.

МӘМ жұмысшыларына қатысты мұндай қарым-қатынас себебі мыналар болуы мүмкін:

- халықтың бейхабар болуы;
- қорқыныш.

ОЙША БАЙЛАНЫСҚАН СТИГМАСЫ БАР АДАМДАР ӨЗДЕРІН ҚАЛАЙ СЕЗІНЕДІ:

- ұят;
- ыңғайсыздық;
- оларды нашар ата-ана деп ойлау;
- қоғам тарапынан олардың білімдерін елемейі;
- қоғам тарапынан олардың білімдерінің және сенімдерінің төмендетілуі;
- күйзеліс;
- өз-өзін төмен және қажетсіз санау;
- әлеуметтік оқшаулану;
- аластатылғандық.¹⁵

¹⁴ Нестерева А.А., Хитрюк В.В. Стигматизация и предрассудки в отношении родителей, воспитывающих ребенка с расстройствами аутистического спектра. Мәскеу мемлекеттік облыстық университетінің 4-Хабаршысы. Серия: Психологические науки. 2018. 50-61.

¹⁵ Новиков Е. Отверженные. Об отношении общества к психически больным. Здравый смысл.Здравый смысл. №4 (33). 2004

ОЙША БАЙЛАНЫСҚАН СТИГМА КЕЗІНДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ ТҮТАСТАЙ СТИГМАТИЗАЦИЯНЫҢ АЛДЫН АЛУ КЕЗІНДЕГІ ШАРАЛАРМЕН БІРДЕЙ, ДӘЛІРЕК АЙТҚАНДА:

- МӘМ-дегі АӘҚ алушылардың әріптестеріне және туғандарына құрметпен қарау;
- білім алу қажеттіліктері айрықша балалардың ата-аналарының сауаттылығын арттыру;
- МӘМ-де АӘҚ алушылардың мүмкіндіктері/әлеуеттері туралы білім аясын кеңейту;
- тұрақты түрде кәсіптік біліктілігімізді арттыру;
- өз жұмысымызға және АӘҚ алушыларға деген көзқарасымызды жақсы жаққа өзгерту;
- қоғамда сізге және АӘҚ алушыларға дөрекі қарым-қатынастың болуына жол бермеу;
- Қазақстан Республикасының заң нормаларын білу және сақтау және оларды басқа адамдардың дәл солай сақтауын талап ету.

ОЙША БАЙЛАНЫСҚАН СТИГМАНЫҢ АЛДЫН АЛУ ҮШІН ТАҒЫ НЕ ЕНГІЗУ ҚАЖЕТ?

1. «Әлеуметтік жұмысшылардың мәртебесі туралы» заңды әзірлеу және қабылдау.
2. Инклюзивті қоғамды дамыту.
3. АӘҚ алушы тұлғаларды институтсыздандыру.

Өз сөзіңізбен толықтырыңыз:

1. _____

2. _____

3. _____

4. _____



Өз біліміңді тексеруге арналған СҰРАҚТАР

1. Теория.

Сұраққа жауап беріңіз, «стигма» сөзі нені білдіреді:

- a) жағымсыз таңбалар, стереотиптер.
- b) жалған наным, кемсіту.
- c) жоғарыда аталғандардың барлығы.

2. Құқық.

Стигматизация кезінде адам құқығы бұзылады ма?

- a) иә;
- b) жоқ;
- c) білмеймін.

3. Себеп.

Стигматизацияға қандай себептер ықпал етеді?

- a) әуесқойлық;
- b) қорқыныш;
- c) жолы болмау.

4. Салдар.

Төменде көрсетілгендер ішінен стигматизацияның ықтимал салдарын таңдап алыңыз:

- a) құлдырау;
- b) әлеуетті дамыту;
- c) жұмысқа орналастыру.

5. Стигматизацияға ұшыраған адамдардың сезімдері.

Қоғамның стигматизацияға ұшыраған мүшелері қандай сезімде болады:

- a) күйзеліс, өшпенділік, жайсыздық;
- b) депрессия, денсаулықтың нашарлауы, өзін-өзі төмен санау;
- c) жоғарыда аталғандардың барлығы.

6. Стигматизацияның алдын алу шаралары.

Төменде берілгендердің қайсысы алдын алу шараларына жатады:

- a) қайырымдылық;
- b) инклюзивті қоғамды дамыту;
- c) оқшаулау.

7. Ойша байланысқан стигма .

Ойша байланысқан стигманың объектілері (ұшыраушы адамдары):

- a) АӘҚ алушылардың ата-аналары/қамқоршылары;
- b) МӘМ жұмысшылары;
- c) жоғарыда аталғандардың барлығы.



ЖАУАПТАРЫ

- 1. c)** нұсқасы дұрыс, себебі стигма әлеуметтік құрылым, ол таңба тағу, жағымсыз стереотип және жалған наным мен кемсіту сияқты құбылыстардан құрылған.
- 2. a)** нұсқасы дұрыс, себебі кемсітуге кез келген негіз бойынша тыйым салынған және әр адамның өзіне деген тең қарым-қатынасқа құқығы бар (2-тақырыпты қараңыз).
- 3. b)** нұсқасы дұрыс, себебі қорқыныш стигманың басты себебі (3-тақырыпты қараңыз).
- 4. a)** нұсқасы дұрыс, себебі стигматизация жағдайында стигманың құрбаны көбінесе өзін-өзі кем әрі сенімсіз сезінеді, бұл дамуға кедергі келтіреді. Бұл кезде, оң жағдай көрсеткендей, барлық АӘҚ алушысы дами алады (Youtube арнасындағы «Кеңес» кешенді оңалту орталығының негізін қалаушы және Бас директоры **Майра Сулееваның** бейнежазбасын қараңыз).
- 5. c)** нұсқасы дұрыс, себебі стигма құрбаны барлық берілген нұсқалардағы күйлерді және басқа да сезімдерді сезінеді (3-тақырыпты қараңыз).
- 6. b)** нұсқасы дұрыс, себебі инклюзивті қоғам – барлық адамның құқықтары мен міндеттері болатын, белсенді ат салысуға ықылас білдіретін «барлығына ортақ қоғамды» құру дегенді білдіреді.
- 7. c)** нұсқасы дұрыс, себебі МӘМ жұмысшысы да, АӘҚ алушының ата-анасы/қамқоршысы да стигма құрбаны болуы мүмкін. Бұл қоғамның стигматизацияға ұшыраған адаммен жақын байланыста (жұмыс бабымен, туысқандық қатынаста) болған кез келген адамға жақтырмай қарауымен байланысты.



Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Гейн К. Әлеуметтік жұмыс тәжірибесіндегі теңдік пен алуан түрлілік (Learning matters 2010).
2. Гоффман И. Стигма: бұзық ұқсастықты басқару туралы жобалар (Simon and Schuster 2009).
3. Кабанов М., Ломанчиков А., Коцюбинский А., Бурковский Г., Юрьев А. Психикалық ауру адамдарға қатысты стигматизацияны және кемсітуді азайту, //http://www.autism.ru/read.asp?id=6&vol=0 > 7 қазан 2020 жыл.
4. Круглова Д. Бізде шизофренияны жұқпалы деп есептейді. Психикасы бұзылған қазақстандықтар қалай өмір сүріп жүр. Informburo.kz [23 қараша 2020].
5. «Біліктіліктерді қалыптастыру» тренингінің материалдары. 1-модуль. Әлеуметтік қызметтің жұмысындағы кәсіптік әдеп және кемсітуге қарсы практика. ЮНИСЕФ, Колумбия университеті, 2020.
6. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі // Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы әлеуметтік жұмысшылардың лауазымдық міндеттерді орындау кезіндегі мінез-құлықтың кәсіптік әдебі жөніндегі әдістемелік ұсынымдары. 11 тамыз 2020.
7. Нестерева А А және Хитрюк В В, Аутистік спектр ақауы бар баланы тәрбиелейтін ата-аналарға қатысты стигматизация және жалған нанымдар. Мәскеу мемлекеттік облыстық университетінің №4 Хабаршысы. Серия: Психологические науки. 2018. 50-61.
8. Новиков Е. Аластатылғандар. Қоғамның психикасы ауыратын адамдарға қарым-қатынасы. Здравый смысл. №4 [33]. 2004.
9. Біріккен Ұлттар Ұйымы, 'Әлеуметтік даму мүддесіне қатысты бүкіләлемдік жоғары деңгейлі кездесудің баяндамасы' [6-12 наурыз 1995], A/CONF.166/9.

ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР:

1. Жалпыға бірдей адам құқығы декларациясы (1948).
2. БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясы (1989).
3. БҰҰ-ның Мүгедектердің құқықтары туралы конвенциясы (2006).
4. Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995).
5. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі (2014).
6. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі (2014).
7. «Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы» заң (2002).
8. «Қазақстан Республикасындағы Мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» заң (2005).
9. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2018 жылғы 29 тамыздағы №379 «Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдар қызметінің қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы.
10. 2-тараудағы Құқықтық нормалардың үзінділері алынған дереккөз: Әділет Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі [Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі]: <http://adilet.zan.kz/rus>



ҚОСЫМША

Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы әлеуметтік жұмысшылардың лауазымдық міндеттерді орындау кезіндегі мінез-құлықтың кәсіптік әдебі жөніндегі әдістемелік ұсынымдар

Дереккөз: Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, 2020 жылғы 11 тамыз

1-ТАРАУ. Жалпы ережелер

1. Осы Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы әлеуметтік жұмысшылардың лауазымдық міндеттерді орындау кезіндегі мінез-құлықтың кәсіптік әдебі жөніндегі әдістемелік ұсынымдар (бұдан әрі Әдістемелік ұсынымдар) халықты әлеуметтік қорғау саласындағы әлеуметтік жұмысшылар (бұдан әрі әлеуметтік жұмысшылар) арнайы әлеуметтік қызметтер мен атаулы әлеуметтік көмек көрсету кезінде сүйенетін әдеп қағидалары мен негізгі стандарттарды белгілейді.
Әдістемелік ұсынымдар құқық нормасын орнатпайды, ұсынымдық сипатта ұсынылып, Халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мекемесінің басшыларының, мамандарының және басқа қызметшілерінің лауазымдарының үлгілік біліктілігі сипаттамаларының мазмұнын нақтылайды, ол біліктілік Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі міндетін атқарушы тұлғаның 2017 жылғы 25 қазандағы № 360 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеуге алу тізілімінде №16057 санымен тіркелген) бекітілген.
Әдістемелік ұсынымдар қоғамның әлеуметтік жұмысшыларға деген сенімін нығайтуға, арнайы әлеуметтік қызметтер мен атаулы әлеуметтік көмек алушылардың (бұдан әрі қызмет алушылар) арасындағы қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға және әдепсіз мінез-құлық (тәртіп) жағдайларының алдын алуға бағытталған.
2. Әлеуметтік жұмыс қоғам мен мемлекет тарапынан көрсетілген айрықша сенім белгісі болып саналады және әлеуметтік жұмысшылардың моральдық-әдептік бейнесіне жоғары талаптар қояды.
Қоғам әлеуметтік жұмысшыларға өздері іске асыратын кәсіптік қызметке бүкіл күшін, білімін және тәжірибесін салады, халықтың жекелеген әлеуметтік осал топтарына олардың әлеуметтік құқықтары мен кепілдіктерін іске асыруға көмектесу бойынша өз міндеттерін әділ әрі адал орындайды деп сенеді.
3. «Әлеуметтік жұмыс» миссиясы – адам өмірінің әл-ауқатын жақсарту, әлеуметтік қорғалмаған, қиын өмірлік жағдайға тап болған адамдардың адами қажеттіліктерін қанағаттандыруға көмек көрсету.
4. Әлеуметтік жұмысшы өз қызметінде моральдық әдеп нормалары мен негізгі мінез-құлық (тәртіп) стандарттарын ұстануы керек.
5. Әлеуметтік жұмысшы азаматтық қызметші болып табылған жағдайда Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 16-бабы 41-4) тармақшасына сәйкес өкілетті

мемлекеттік орган 2015 жылғы 23 қарашада бекіткен Азаматтық қызметшілердің қызметтік әдеп кодексі талаптарын сақтауы тиіс.

6. Әлеуметтік жұмысшыларды қабылдауға жауапты тұлғалар әлеуметтік жұмысшының өз міндеттерін атқаруға кіріспей тұрып, Әдістемелік ұсынымдармен танысуын қамтамасыз етуге тиіс.
7. Әлеуметтік жұмысшы қызметке тағайындалған соң үш күндік мерзім ішінде Әдістемелік ұсынымдармен жазбаша түрде танысып шығып, соған сүйенуге тиіс.

2-ТАРАУ. Әлеуметтік жұмысшының негізгі әдеп қағидалары

8. Әлеуметтік жұмысшының негізгі әдеп қағидалары –
 - әлеуметтік әділеттілік:
 - қызмет алушылардың негізгі әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін ресурстарды әлеуметтік жұмысшының тең бөлуін көздейді;
 - шыншылдық:
 - әлеуметтік жұмысшы өз өкілеттіктерін, қызмет алушылармен, әріптестерімен және басқа тұлғалармен жасасатын сенімді қарым-қатынасын асыра пайдалануға жол бермеуі;
 - жеке басының және кәсіптік өмір салтының арасындағы шекараны тануға және жеке материалдық пайдасы үшін өзінің жағдайын асыра пайдаланбауға бейімдейді;
 - қызмет алушыларға өздерінің мүдделеріне қатысты жасалып жатқан барлық әрекеттер туралы ақпаратты толық көлемде беруді көздейді;
 - тұлғаның ар-намысы мен абыройын құрметтеу:
 - әлеуметтік жұмысшы қызмет алушылардың өзгешеліктерін және мәдени-этникалық алуан түрлілігін түсіне отырып, тұлғаның ар-намысы мен абыройын құрметтейді;
 - қызмет алушыларға физикалық, моральдық және психологиялық зорлық көрсету әдістерін қолдануға жол бермейді;
 - адамгершілік:
 - адам өмірі мен оның амандығын жоғары құндылық деп бағалайды;
 - әлеуметтік жұмысшының адамсүйгіштігі мен адамға деген аяушылығын және әлеуметтік жұмысшының қызмет алушы үшін барынша жайлы әрі қауіпсіз жағдай жасауын көздейді;
 - патриот болу және қоғамға қызмет ету:
 - патриот болу және қоғамға қызмет ету әлеуметтік жұмыстың негізі әрі әр азаматтың амандығын ойлап, қамқорлық жасау арқылы көрінеді;
 - әлеуметтік жұмысшы әлеуметтік саладағы оң нәтижелер мен жетістіктерді қызмет алушыға жеткізеді;
 - әлеуметтік жұмысшы Қазақстан Республикасының мәдени және тарихи дәстүрлерін сақтап, осындай қатынасты қызмет алушыларға табыстайды;
 - кәсіптік даму біліктілігі және үздіксіздік:
 - әлеуметтік жұмысшы өз біліктілігі шеңберін мойындап, проблеманы жоғары деңгейде шешу қажет болған жағдайлардан өз біліктілігі шеңберінен шықпайды;
 - әлеуметтік жұмысшы өзінің кәсіби шеберлігі деңгейін тұрақты түрде арттырып отырады;
 - әлеуметтік жұмысшы қызмет сапасын көтеру мақсатында өз білім деңгейін сақтап, оның аясын кеңейтеді, осы ретте өз қызметіндегі жаңа тәсілдер мен практикалық әдістерді іздейді және бағалайды.

- жалпы адами құндылықтарды қадірлеу және төзімділік таныту:
 - әлеуметтік жұмысшы қызмет алушылармен жылы шырайлы қатынаста болып, олардың көзқарастарына, құндылықтарына, мәдениетіне, мақсаттарына, қажеттіліктері мен қалауларына, басқа адамдармен жасасатын қарым-қатынастарына құрметпен қарайды;
 - әлеуметтік жұмысшының қызмет алушылармен төзімді қарым-қатынас құру негізінде олардың қадір-қасиетін қорғауын және қорламауын, даралығын, мүдделерін және әлеуметтік қажеттіліктерін ескеруін көздейді;
- құпиялылық:
 - құпиялылық әлеуметтік қызметтер мен әлеуметтік көмек көрсету мақсатында қызмет алушы туралы ақпаратты басқа мемлекеттік органдар мен ұйымдарға беру үшін әлеуметтік жұмысшы тек қызмет алушының рұқсатын алуы қажеттігін талап етеді;
 - әлеуметтік жұмысшы әлеуметтік қызметтер мен атаулы әлеуметтік көмек көрсету кезінде сандық технологиялар мен әлеуметтік желілерді пайдалану құпиялылықты сақтауға қатер тудыратынын түсінеді.

3-ТАРАУ. Әлеуметтік жұмысшылардың қызмет алушыларға қатысты ұстануы тиіс қарым-қатынасы

9. Әлеуметтік жұмысшыға қызмет алушылармен орнатқан қарым-қатынасында мыналарды орындау ұсынылады:
 - оларға әдептілікті сақтай отырып құрметпен, сыйпайылықпен қарау;
 - заң, әлеуметтік қызмет ережелері мен стандарттары талаптарына және басқа да құқықтық актілерге, шарт талаптарына қатаң сәйкестікпен қарым-қатынас орнату;
 - ең жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін әлеуметтік қызмет ережелері мен стандарттары және басқа да нормативтік-құқықтық актілер аясында әлеуметтік жұмыстың аса тиімді тәсілдерін, әдістерін түрлерін таңдау;
 - қызмет алушыларға құқықтарын түсіндіріп, оларды бұзатын әрекеттерге жол бермеу, соның ішінде тегі, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге деген көзқарасына, пікірлеріне, тұрғылықты жеріне немесе басқа да кез келген жағдайына байланысты қандай да бір кемсітудің алдын алуы тиіс;
 - қызмет алушыларға әлеуметтік қызмет көрсетуге байланысты тәуекел, мүмкіндіктер, міндеттер туралы хабардар ету;
 - қызмет алушыларға қатысты сексуалды әрекеттер жасауға жол бермеу;
 - қамқоршысымен немесе заңды өкілімен тек қызмет алушының мүддесіне қатысты қарым-қатынас жасау;
 - қызмет алушыға көрсетілетін қайырымдылық көмекке қатысты оның субъективті ұстанымын ескеру;
 - қызмет алушының құпияларын берік сақтау және қызмет алушының өміріне, материалдық ахуалына және психикалық күйіне қатер төндіретін жағдайларды есептемегенде, кәсіптік әлеуметтік көмек көрсету барысында алынған және кәсіптік міндеттерге байланысты басқа да жағдайлар жөніндегі ақпаратты жарияламау;
 - құпиялылықты мәжбүрлі түрде бұзу үшін қызмет алушыға жариялауға мәжбүрлеп тұрған жағдайлар туралы алдын ала хабарлау;
 - дербес деректер мен оларды қорғау туралы заңға сүйену;

- қызмет алушы туралы аудио, видео жазба жүргізу, ол туралы бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде жариялау үшін және әлеуметтік жұмысшының жұмысын үшінші инстанцияның бақылайтынына байланысты оның келісімін алу;
- орындалған жұмыс үшін бағалы сыйлықтарды қабыл алмау.

4-ТАРАУ. Әлеуметтік жұмысшылардың өз әріптестеріне қатысты ұстануы тиіс қарым-қатынасы

10. Әлеуметтік жұмысшыға өз әріптестерімен мынадай қарым-қатынасты сақтау ұсынылады:

- әдептілікті сақтай отырып, құрметпен, сыпайылықпен, сеніммен қарау;
- өзара қарым-қатынасты кәсіптік мүдделері мен сенімдері негізінде құру;
- кәсіптік өзара қарым-қатынас жасау барысында әріптестерінің сенімін бағалау және ақтауға тырысу;
- ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық жағдай жасау және сақтау;
- әріптестерінің міндеттерін атқарғанда олардың беделінің мүддесін қорғау мақсатында әрекет ету;
- әріптестерімен дереу шешуді қажет ететін кәсіптік қайшылық туындағанда объективті заңды бітістіруші тарапты ұстану;
- басқа әлеуметтік жұмысшыны жұмысқа қабылдау кезінде сабырлық, әдептілік және риясыздық таныту;
- басқа әлеуметтік жұмысшылардың жұмысын бағалауға жауапты әлеуметтік жұмысшы оларды осы бағалаумен таныстыруы тиіс;
- өз әріптестерінің сенімін теріс мақсатта пайдаланбау, оларға өздерінің кәсіби міндеттерін орындауына кедергі жасамау, зиян келтірмеу;
- әріптестеріне теориялық, әдістемелік шеберліктерін арттыруға және шығармашылық қабілеттерін дамытуға көмектесу.

5-ТАРАУ. Әлеуметтік жұмысшылардың қоғамға қатысты ұстануы тиіс қарым-қатынасы

11. Әлеуметтік жұмысшы – халық арасындағы адамгершіліктің, қоғамға қызмет ету ісіндегі басты қағидалардың жетекшісі.

Әлеуметтік жұмысшы қоғамға қатысты мыналарды жасау тиіс:

- адамға және адамдар тобына қарсы әділетсіздіктің, сондай-ақ олардың құқықтарын бұзудың жолын кесуге жәрдемдесу;
- қиын өмір жағдайында тұрған отбасылардың және адамдардың тұлғалық мүмкіндіктерін кеңейтуге көмектесу;
- қажеттілігіне қарай, тиісті әлеуметтік қызмет құруға бастама білдіру;
- әлеуметтік өмір сүру жағдайларын жақсарту және әлеуметтік институттардың белсенді қызметін дамыту мақсатында әлеуметтік саясатты жасауға белсенді ат салысу;
- төтенше жағдайлар туындағанда кәсіптік қызметтер көрсету.

